



БҰЙРЫҚ

25.06.2021

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 302

город Ақтау

Банкроттықты басқарушыны шеттету туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 16.05.2019 ж. №181 бұйрығымен банкроттықты басқарушы болып тағайындалған Құбығұл Орынбасар Данабайұлы оған жүктелген "Сартас-Теңіз порты" АҚ-ның банкроттықты басқарушы қызметінен шеттетілсін.

2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 71 бабы 2 тармағының 14 тармақшасына сәйкес жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушысына шеттету (босату) туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде "Сартас-Теңіз порты" АҚ-ның құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, борышкерге тиесілі мөрлерді, мөртаңбаларды, материалдық және өзге де құндылықтарды беру О.Д. Құбығұлға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімінің басшысы Б.Е. Құлмұрзаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың бір данасы О.Д. Құбығұлға жолдансын.

Негіздеме: 2021 жылғы 18 маусымдағы "Сартас-Теңіз порты" АҚ-ның кредиторлар жиналысы шешімі.

Басшы



Жаналинов Д.Е.